

Қызыл дақ

Көктем биыл ерте шығып, бірнеше күн сіркіреп жауған нөсерден кейін маңай жаппай көктеп, құлпыра түскен. Күннің қызуы да артып, нұрына шарпылғандай қызғылт гүл қаулап қауыз жарып, ауылдан қалаға қарай шығаберістегі алқап әдемі кілемге айналып, көкжиекпен астасып, кең даланы қызыл түске бояп тастағандай әсер қалдырады. Табиғаттың мұндай ғажайып көрінісін тоқтап тамашалау, жаңа ашылған гүлдің жұпар иісін кеудені кере жұтып рақаттану талайды қызықтырады анық.

Гүл жайлаған алқап құс ұшатын биіктіктен қызыл дақ секілді көрінсе де, самал желмен толқындана жайнап, жолаушының жанарын бірден жаулап алатыны — түсінікті жайт. Гүлдің шет жағындағысы нәп-нәзік қызғалдаққа ұқсағанымен, ортасына бойлай енген сайын түрленіп, райхан тәріздес, сабағы тікенекті жабайы гүлге айналады екен. Аралай берсең, шырмауық сияқты созылып жатқан түрін де ұшырастыруға болады.

Байсала ауылы қаладан жырақтағы тұйықта, тау ішінде орналасқандықтан ба, бұл жақтың табиғаты әлі адамзаттың уытты табанымен таптала қоймаған, пәк күйінде жатқандай. Бәлкім, мұнда бір гәп те болар... Бұл маңдағы алқапта ертеректе тек қызғалдақтар мен сарғалдақтар өсуші еді. Жергілікті тұрғындардың айтуынша, он жылдай бұрын осы маңды қызыл гүлдің ерекше бір түрі жерсініп, біртіндеп алқапты басып алған.

Бұған көпшілік көндіге алар емес, қызыл алқаптың күндізгі көрінісі соншама әп-әдемі болғанымен, кейін жиі орын алған келеңсіз оқиғалар жергілікті елдің жауығуына әкеліп, кейбіреулер күз мезгілінде жел жағынан өрт қойып, алқаптағы гүлді отқа орандырып жоймақ та болды. Бірақ жабайы гүлден оңай құтыла салу мүмкін емес екен, көктемде қайтадан өртең жердің үстіне өршелене қаулап шығып, қаламен қатынасқан жолаушылардың із-түзсіз жоғалуы жиілей түсті.

Қаламен қатынастың тек жалғыз жол арқылы жүзеге асырылуына байланысты жолаушылаған ел үнемі аталмыш қызыл

алқапты басып өтуге мәжбүр болатын. Бұл жазықтың қақ ортасынан жарып салынған тас жолдың асфальты жыл сайын сапасына аса мұқияттықпен қарап салынса да, көктем шыға асты ойдым-ойдым жарылып қопарылып, жөндеуді қажет етіп тұратындығы ауыл әкімшілігінің бірден-бір түйткілді мәселесіне айналған. Әкімді сыртынан табалап, жемқор деп жазғырғандардың сөзі өтіп, тексерістер жиілеп, бірнеше әкім ауысып та үлгерді. Бірақ жол жылда қар кете шұрық-шұрық тесіліп, шұңқырланып жатқаны...

Біраз уақыттан бері халық арасында «жолаушылардың жоғалуына бірден-бір себеп — осы гүлді алқап, сол маңнан жүрсең, жер жұтып алады» деген қауесет тарап, тұрғындардың зәресін ұшырып, көпшілік кешкісін жол жүруден қалған еді. Бастапқыда некен-саяқ кешқұрым жүрген еркектер жоғалса, кейін күндіз жолға шыққан ер адамдардың да себепсіз ғайып болып кетуі орын алған. Көпшіліктің бұған сенгісі келмесе де, жоғалғандардың жиілеуі халықтың наразылығын тудырып, полицияға арыз түсіп, іздестіру шаралары да ұйымдастырылған болатын. Алайда қомақты жұмыс атқарылса да, нәтижесіз қалды, «мұның мәнін қайтсем де табамын» деп жігерлене іске кіріскендердің талайы хабарсыз жоғалып кетті.

Ауыл білгіштерінің пайымдауынша, «қызыл гүлдің қауызы ашылған кезде жан-жаққа таралатын жұпар иісінен қауіптену және тікенектері дененді сырып, жарақаттанып қалудан сақтану керек». Ол алқапқа күштеп айдасаң да, ешқандай мал аяғын баспайды екен, тіпті үлбіреп көз қызықтыратын жапырақтарын да аузына алмайтынын бақташылар байқапты. Содан бері малды жайылымға шығаратын өрісті өзгертіпті, үлкендер бұл алқаптан аулақ жүруге ұйғарым жасап, бала-шағаға олай қарай жақын жоламауға кеңес берген екен.

Бірақ жастардың кейбіреулері бұған салғырт қарап, күнделікті күйбеңдерімен жолға алаңсыз шыға беретін еді. Жақында шаңырақ көтерген Мейрам мен Гүлбақыт та қалаға жету үшін жолға таңертең шықпақ болса да, сәскеге қарай ғана реті келіп, ауылдан шығаберістегі қалқаймаға беттеді.

Айнала тым-тырыс, қызғылт гүл жайлаған қара жол жиегінде сөмкесін арқалап, Гүлбақыт алыстан машинаны күтіп әлі тұр. Алаңсыз жол жаққа қарап тұрған ардақты жарына сыртынан сүйсіне көз

салып, ауылда өскен жеткіншектер сындырған аялдамадағы орындық қаңқасының үстіне күйеуі Мейрам жайғасып алған. Бір адам ғана отыруға мүмкіндік болғандықтан, келіншегі тұрып жол күтуді жөн көрді. Жүргеннен шаршауы тез күйеуінің бұл сапарға құлқы әуелден болмай, жас әйелін қалаға жалғыз жібермеу керектігінен амалсыз жолға шығуға көнген еді.

Жастайынан Байсала ауылынан табиғат аясына көп шықпағандықтан ба, басқа ауылдастары бұл алқап жөнінде небір қорқыншты хикаялар таратса да, Мейрам оған мән бермейтін. Ары-бері өткен сайын осы ерекше гүлдерге қызығатын, жұпар иісі мұрнын қытықтап, санасын елжіретіп жібергендей болатын. Бұл алқаптың адамдардың жоғалуына себепкер екеніне ол мүлдем сенбеді. Гүлді алқаптың көктемгі тамаша иісі мен жайылған алқызыл кілемдей көркін тамашалауға тағы бір мүмкіндік туғанына дән риза. Табиғаттың керемет көрінісін қызықтау болмаса, оны жою, оған залал келтіру әдеті кішкенесінен оның бойына сіңбеген еді. Аңшылыққа құмар әкесі оны өзіне тартып, мылтық атуға үйретіп, жастайынан аң аулауға баулығанымен, ұлын өз ұстанымына бейімдей алмады. Баласының аң ату тұрмақ, күнделікті қажеттіліктен туындайтын тауық, мал союдан, қызыл қан көрсе, қашатын әдеті әуелден қалыптасып қалған, енді оны өзгерту мүмкін емес шығар. Бірақ мына қызыл алқапқа құштарлығы аяқастынан пайда болған сияқты.

Жол бойлаған екі жолаушы қонаққа келіп, кері қалаға қайтарында ала кетпек болып келіскен Гүлбақыттың інісін күтуде. Алайда түні бойы жұмысынан әкелген қағазымен әуре болған інісі Фархат жол бойында әлі жоқ. Екеуі миды қайнатып жіберердей ыстықта оның келуін күтіп, біршама уақыт тұрып қалды.

— Фархат келмейтін секілді ғой бүгін...

— Мейрам, сәл шыдашы. Оның жұмысы ауыр, әлі ұйықтап жатқан шығар.

— Таң атпастан дәрігерге бармай-ақ, оны бірінші оятып, жолға сонымен бірге шығу керек еді ғой, — деп, өзінің іштей наразылығын білдіріп өтті. Шыжыған ыстықтың әсерінен болар, әдетте ұяң мінезді жігіт дауысы көтеріліп, айғайға көшті. — Менсіз де қалаға

барып келуші едің ғой. Таң атпастан итендеп қасыңда жүрмін. Маған қандай дәрігерге баруың керектігін де айтпайсың.

— Ойнап жүрген жоқпын, Мейрам. Ауылдағы дәрігер келуің қажет деген соң ғана таңертең барып, одан керекті қағазды алдым, ол мені қаладағы дәрігерге жіберді, — деді де, қолындағы сөмкесінен кішігірім парақтарды алып шығып, оған көрсетті. — Мен ертең өліп қалсам, көмуге де ерінетін шығарсың, — деп, келіншегі көзіне жас алып, оның жазғыруын көтере алмағанын байқатты.

Гүлбақыт күйеуіне жүкті екенін айтуға асықпады. Екі-үш күн бұрын арнайы тестілеуден өтіп, оның нәтижесін де сөмкесіне салып алған еді. Бірақ неге екенін өзі түсінбесе де, тестінің қателескеніне сенімді болып, іште баланың жоқтығын анықтау үшін осы сапарды ұзақ күткен. Ауылдағы медбикенің айтуынша, баланың бар екенін не жоқ екенін қанға сараптама жасау арқылы дәл білуге болады. Оған дейін әйелі тіс жармай, жүрек астында өмірдің пайда болғанына сенбей, бас ауруын сылтауратып, күйеуін өзімен ертіп шыққан.

Өр мінезді әйелінің жылағанын көріп, өзінің қателігін түсінген ер жігіт тілін тістеп, оның денсаулығына алаңдай бастады. Оның не жасырып, дәрігерге бармақшы екенін білмеген соң, ішінен одан айырылып қаламын деген үрей де туындады. Ашуы басылып, Мейрам Гүлбақытқа басқа көзбен, сүйсіне қарады. Ұзын шашын екіге жарып, әдемілеп өрген қос бұрымы қыпша белін бойлай салбырап, төменгі ұшы шашырай желмен желбіреп, қалаға деп арнайы киген маржандай жарқыраған ақшыл көйлегіне жарасып тұр. Көркі көктемгі даланың жұпар иісімен астасып, ерніне жаққан қызыл далабы онсыз да сұлу келбетін одан сайын әрлей түскендей. Төскейге көтерілген күннің нұры да сүйікті зайыбының ажарын әсемдеп, қараған адамның назарын лажсыз өзіне аударатындай әсер қалдырады. Әйелімен салыстырғанда қара шалбар мен қара жейде киген Мейрам анағұрлым жұпыны көрінді. Күннің көзінен қалқайманың астын паналаған оған темір орындықтың үсті жағып, біраздан соң Мейрам жантайып, көзіне ұйқы тығылғандай болды.

— Фархатты көрсең, оятарсың... — деп, балдызының жөнсіз кешіккеніне бұлданғанын тежей алмай, әйелін сөзбен бір шымшып өтті.

Күткендеріне жарты сағаттан асты. Маңдайдан аққан тер астындағы асфальтқа тамып, пыш-пыш етіп лезде кеуіп кетуде. Келіншегі болса қабартқан күйінен әлі арыла қоймаған.

«Осы неге бүгін қалаға шығуымыз керек еді? Бас ауырды, дәрігерге барамын деп, таң атқаннан бастап дуылдап, ақыры енді жол тосып отырмыз. Құрбылары бәрі жұмыста. Іші пысып, жұмыс таба алмай жүрген — менің жарым ғана. Арқасына қарасаң, ол да күнге қарылып, аққан тері белшесіне дейін жетіпті. Обал жоқ». Мейрамның шыдамы сарқылуда. Өзі де аса жұмыскерлігімен айрықшаланбаса да, ол жатып алып, әдеттегідей төңірегіндегі елді жамандауға бейім еді. Бірақ Мейрам қанша ішінен кіжінгенімен, жарының сұлулығына тәнті болып, оны ренжіткісі келмейтін. Ал ол болса оған мән бермей, қолындағы сөмкесінен кішігірім парақты қолына қайта-қайта алып, тексеріп, орнына салып қоюда.

Шыжи түскен күннің көзінде тұрғандарына біраз болса да, намысқа тырысып, серейіп жол күткен Гүлбақыттың қақайған күйінен қайтар түрі жоқ. Оған сүйсіне қарап отырған Мейрам уақыт өте оны орынсыз жазғырғаны үшін кешірім сұрағысы келіп, әйелін аяп, орнынан тұрды. Бірақ үйленгендеріне үш-төрт айдай болса да, әуелгі қызбен сөйлесуге шорқақтығынан әлі арыла алмаған ол бірден не айтарын білмей, жай ғана көзін көлеңкелеп тұрған келіншенің қолын алып, өзіне қарай тартты.

— Ей, не істемексің?

— Кел, отыршы. Әйтпесе үйге қайта берейік, келмейді бауырың.

— Сен ұйықтап жатқанда мамам телефонын көтеріп, бері қарай шыққанын айтты. Осы менімен бірге қалаға шыққаныңда кері тартқылай бермей, барып, ана орнына отыршы, — деп, көңілсіз кейіппен қарап, білегін еппен жұлқылап, уысынан шығарып алды.

«Үйге кете берсем бе екен? Баратын жеріне өзі-ақ жетер...» деген оймен ызаланып, Мейрам орнына қайтадан оралып, жайғаса бастаған кезінде ауыл жақтан бері қарай жүйткіген ақ түсті жаңа көлікті алыстан көзі шалды. Мұның Фархаттікі еместігін машинасының бояуы жарқырап тұрғанынан түсінуге болады. Фархаттың көлігі ондай емес, сарғыштанып, ақ түсі оңғанына біршама уақыт өткен шығар.

— Мейрам, түр, ана машинаны тоқтат, — деп, әйелі долдана күйеуін жұлқылай бастады.

— Бұл Фархат емес қой, — десе де, әйелінің қоқилана киліккен тұрпатына қарап, бәрібір айтқанын жасататынын біліп, орнынан тұрып, ол жол бойында қолын көтерді.

Абұйыр болғанда, әлгі көлік өтіп барып тоқтады, оң жағындағы алдыңғы есігі сәл ашылғанын байқап, Мейрам жылдамдата оны айқара ашты. Іштен кондиционердің салқын лебін сезіп, денесі рақаттанып, сәл де болса оны соза түсуге аңсары ауды. Қалаға апаруға келіспесе де, оны-мұны сұрастырып, мына қапырық ыстықтан аз-маз тасаланып, салқындап алмақ болып, Мейрамның алдыңғы орындыққа отыра кеткені сол еді, машинаның есігі өздігінен жабылып, құйындата алға жылжыды. Қапелімде сасқалақтап қалса да, әйелінің қалып қалғаны есіне түсіп:

— Тоқта, әйелім қалып қалды, екеуіміз қалаға бірге бармақпыз! — деп, қасында отырған жүргізушіге қараса, жанында сылқ-сылқ сыңғырлай күлген жас қыз отыр екен.

Неге екенін түсінбей, жүргізушінің түлкідей сызылған көздерінен бірден шошып кетті. Оның жанарына тіктеп қараған сайын жігіттің көзі қарауытып, жайсыз күйге түсті. Өне бойынан қуат кетіп, әлсірей бастағандай, денесі тітіркеніп, түйсігі үрейлене дабыл қаға бастады.

— Саспа, Фархатыңды да жолай мінгізіп алдым, — деп, жүргізуші қыз артқы орынды меңзеді.

Шынымен де, артқы орындықтағы екі адамның біреуі Фархат екен, іргеге басын қисайтып ұйықтап қалыпты. Ал қасындағы қыз жүргізушіден айнымайды, тура сыңары дерсің, түр-тұрпаты бір-біріне қатты ұқсайды екен. Екеуі егіз секілді. Бірдей сылқ-сылқ күліп, кеудесіндегі жанын бүрістіріп, оны аңырайып ашылып қалған аузынан бірден суырып алатындай болды.

— Тоқтатыңдар, сыртта әйелім қалып қалды! Сендер өзі кімсіңдер? — деп, не болғанын түсіне алмай, есін тезірек жиюға тырысып, оның сөзіне мән бере қоймаған жүргізушінің рульді ұстаған қолына жармасып, машинаны тоқтатқысы келді.

— Әй-әй, қой, мынадай жылдамдықта тоқтасам, өлесің. Тыртыңдамай, жайыңа отыр. Кеш түсе жетерміз, әпке, отыра бермей,

әндете баста! Сапарымыз көңілдірек болсын, — деп, жүргізуші қыз оған қылмия зекіп, қара моншақ көздерімен күлімдеген сыңай танытып, жүйткүін жалғастырды.

Мейрам абдырап қалды, жүргізуші қыздың көлікті тоқтатуға құлқы жоқ, бір пәлені тындыруды көздегені анық болды. Фархаттың да қалай мұнда отырғанын ол ұға алар емес. *Оның ескі көлігі бұзылып қалды ма екен, не істеуім керек* деген оймен отырғанда арттағы қыз басын адамға тән емес кейіппен бұраңдатып, айналдыра бастады. Тоқтамай шыққан күлкісі де Мейрамның үрейін ұшырып, есікті ашып, секіріп кеткісі келді.

Сол мезетте артқы орындықта отырған қыздың мойны кенеттен ұзарып, еріндерін оның сол құлағына жақындатып, түбіне тақап, сыңсып әндете бастады. Оның әуені жағымсыз әсер еткені соншама, Мейрамның миына тебен ине сұққылағандай болды. Оны бірден қағып жіберу үшін оқталып қолын көтерейін десе, орындыққа желімделгендей ырқына көнер емес. Қолдарын өз ырқына көндіре алмай, лажсыздан көзіне жас келсе де, райынан қайтпай, қатуланып, құтылуға талпынысын тоқтатпады. Бірақ қаншама қайраттанса да, бар күшін салып, өзіне қарай тартса да, орнынан қозғалу мүмкін болмады. басталған әнді басқалай қалайша тоқтатуға болатынын білмей, ол жан ұшыра айғайға басты. Сол кезде дереу қол-аяғы босап, орнынан атып тұрып, жүгіре жөнелді...

Маңайынан жаңағы ақ түсті көлік те, қылмиған жүргізуші қыз да, артқы орындықтағылар да бірден ғайып болды. Асфальт жолды жағалап жүгіріп келеді, *өңім бе, әлде түсім бе* деп, не болғанын түсіне алмай, сол баяғы қызыл алаңда жүргенін аңғарды.

Бір кезде алыстан таныс дауыс, әйелі Гүлбақыттың шыңғыра жылаған айғайы жетіп, ол артына көз салды. Сөйтсе, ол қуып жете алмасын біліп, айғайға көшкен сияқты. Не болғанын түсінбей, өз ісіне өзі таңырқап, Мейрам тұрып қалды, басы мең-зең.

Гүлбақыт болса оны қуып жетіп, бетінен шапалақпен бір салып, өксігін баса алмай тұрса да, өшіге қарады.

— Ей, сен! Жынданайын дегенсің бе? Қалаға барарда емес, үйде ерігіп, танауынды шұқылап отырғанда жынданшы! Сенің анаң ертең мені кінәлайды ғой, сен бәлеге ұшырасаң!

— Гүлбақыт, мен шошып кеттім, — мұның дауысының дірілінен әйелінің ашуы шамалы басылып, ол не істерін білмей, аң-таң қалды.

— Аялдамада жатқан жеріңнен бар дауысыңмен айғайлап, атып тұрып, жол бойымен жүгіргенің не, шайтан түртті ме сені? — деп, оған жақындап, әйелі иығынан қолын асырып, құшағына алып, жұбата бастады. — Түсіңде не көрдің соншама?

— Білмеймін. Басымнан күн қатты өтіп кеткен секілді, — деп, түсіндіруге кірісіп, сәл ойланып, есін жиып, не көргенін Гүлбақытқа айта бастады. — Ақ түсті машинаны тоқтатып, алдыңғы орындығына отырып едім, екі жас егіз қыз бен Фархатты өңімдегідей анық көрдім. Қыздардың түрі сүйкімді, әдемі болса да... жын-шайтан ба деп қалдым. Жүргізуші қыздың көздері үлкен қара моншақтай, тесіле қарағанда өңменіңнен өтетіндей қорқынышты. Ал екіншісінің мойны резеңкеше созылады екен, сыңсыған дауысы сондай жағымсыз, өне бойынды тітіркендіріп, сүйектеріңді қақсатып, уатып жіберетіндей сезілді. Соның қасында сенің бауырың ұйықтап жатты.

Гүлбақыт не айтарын білмей қалды. Еңгезердей күйеуінің мығым денелі болса да, бойындағы дірілін баса алмай қорыққанын анық байқап тұрды. Тұрпатына көз салып:

— Масқара, Мейрам, шынымен, басыңнан күн өткен болар. Басыңа қалпағыңды киіп ал деп едім, тыңдамайсың. Жұр, сөмкеден әперейін. Бірдеңе тауып, басымызға киейік, әлі қанша күтеріміз белгісіз, — деп, келіншегі әлгінде машина күткен жерде қалған сөмкенің қасына күйеуін жетелеп әкеліп, қоймай, ескі орамалын басына орап, тартқылап байлап тастады.

Сол сәтте алыстан Фархаттың ескі көлігі де көрініп, көп ұзамай олардың қасына жетіп, тоқтады. Машинасының есігін айқара ашқан балдызын көріп, Мейрам да, әйелі де қатты қуанды. Жаңағының бәрі түсі болғаны ғой деген ұйғарымға келіп, көңілі орныға бастады. Тездетіп көлікке мініп, жолға шықты. Әйелі бауырының қасына, алдыңғы орындыққа отырып, өзі артқы орындыққа емін-еркін жайғасты.

Орындыққа орныққан Гүлбақыт кірместен шу шығарды. Үлкендік танытып, кешіккенін желеу етіп, інісіне кіжіңдей бастады.

— Ей, сен, қайда жүрсің? Түс ауып, күн бататын уақыт болды ғой! Күйдіргі!

Ағайындылар арасындағы түсінбестік тез шешілетінін біліп, Мейрам болса олардың сөзіне араласпай, жол бойындағы табиғатқа зейін салып, тамашалауды жөн көрді.

— Мен ұйықтап қалып, жолға келіскен уақыттан сәл-пәл кеш шығып едім. Ұйқым дұрыс қанбаған ба, жолай көзім ілініп кетіпті, әпке...

— Рульде отырғанда ма? — деп сөзін аяқтамай-ақ, Гүлбақыт інісін желкесінен түйіп жіберді. — Мен осы қалаға жолға шыққанда сен екеуің өздерінді дұрыс ұстаңдаршы! Жездең анау, шошып оянып, қышқыра айғайлап, айдалаға қаңғалақтап жүгіріп, әрең тоқтаттым. Сен болсаң жолда ұйықтап... өле алмай жүрген секілдісіңдер ғой! Ертең сөздің бәрі маған тиеді!

— Гүлбақыт, айтсам, сенбейсің, бірақ Мейрамның айғайын мен де естідім. — деп, інісінің қорыққаннан жүзі ағарып, көзі бадырайып, абдырап отырғанын сезді.

Көктем ауруы

— Әрине, бар күшімен, оны сойып жатқандай шыңғырды ғой, — деп, тағы да оны желкесінен дүңк еткізіп түйіп жіберді де, артта жатқан күйеуіне Гүлбақыт алара бір қарады.

Бұлардың арасына түспей, қалаға дейін біраз дамылдап алмақ болған Мейрам үндемеді. Келіншегінің сөмкесін басына жастанып, жайланып жатқаны сол еді, кірпіктері бір-біріне қабысып, тұңғыық тылсым оны өзіне бірден тартып әкеткендей болды. Еміс-еміс Фархаттың кейбір сөздері ғана құлағына жетіп жатты:

— Мен оның дауысын ана екі қыздың көлігінде қозғала алмай жатқан кезімде естідім. Қасымда отырған қыздың сызылта ән салған дауысы қазірдің өзінде құлағымнан кетер емес, — деп, сөзін аяқтамастан, Фархат та есінеп, ұйқы әлеміне көшуге ыңғайланды. Сол-ақ екен, кенеттен екеуі де әлгі екі жалмаңдаған қыздардың қасынан түп-тура шыға келді...

Фархат артта, ал Мейрам алда — әлгіндегі қалпына түсті: екеуінің де түйсігі ояу, бірақ қол-аяқтарын қозғалта алмайтын күйде, айғайлауға да қауқары жетпейтін сияқты... Мейрам ба-рын салып, машинаның есігін ашқысы келіп, көмек сұрап айғайға басты. Ақыры есік те ашылмай, олардың дауысы да ешкімге жетпеді.

Жүргізуші қыз болса оның иегінен ұстап алып, түрткілеп ойнай бастады.

— Жұп-жұмсақ болбыраған бетін-ай өзінің... — деп, бетін жанап өткен саусақтары тастай суық сезіліп, су жыланының терісіндей ылғалданып тұр екен.

— Жібер! Жібер! Босатыңдар мені!

Алайда жолдың екі бетінде самал желмен толқындай тербелген алқызыл гүлдермен көмкерілген көктемгі дала екеуінің де санасын біртіндеп жаулап ала бастаған сияқтанды. Қызыл атырапты қақ жарып төселген, гүлдердің түсімен және күннің ыстығымен астасып қызғылттанған асфальт жолмен жүйткіп келе жатқан көлік болса жылдамдығын тек үдете түсті...

—Фархат! — деп өңінде өздігімен жүріп келе жатқан машинаның ішіндегі Гүлбақыт қанша айғайласа да, рульді ұстаған күйі ұйқыға кеткен бауырының оянатын түрі жоқ. Фархаттың қолы рульді тіке бағыттаған қалпында қалғандықтан, машина алға тоқтаусыз жылжып келеді. Көліктің жылдамдығы баяуласа да, алдағы бұрылыста жолдан шығып кететіні анық. Мұндай жағдайда бірінші рет қалған Гүлбақыт не істерін білмей, дереу өз жағындағы машинаның есігін ашып жіберді. Бәлкім, жол апатына түсуден қорыққаны болар, алайда сыртта зулап өтіп жатқан гүл алаңына қарап, ойсыз шешімінен сол мезетте бас тартты. Арандай ашылған есіктен жел гулеп, қызды жұтып, өзіне тартқылай бастады. Сылқ етіп сыртқа шығып кете жаздап, сол қолымен әрең ұсталып, секіріп кетудің жаман шешім екенін ұғып, Гүлбақыт шыңғырып жылай бастады. Қас қылғанда артқы орындықта жайғасқан күйеуі де сілейіп, терең ұйқыға кеткен сияқты, оның айғайына былқ етпей жатыр. Ессіз жатқан жақындарына қарап, көмек сұрап, жалына бастады. Бірақ ол ісі де сәтті болмады. Мейрам да, Фархат та бастары салбырап, жолмен жүйткіген басқарусыз машинада ұйықтап келеді. Егер де оларды оята алмаса, алдағы бұрылыста машинаның жолдан шығып кететіні анық...

«Енді не істемекпін?» — деп, жол апатын болғызбау үшін көлік айдау туралы бар білетінін есіне түсіріп, өзін сабырға шақыра бастады. Ашылған есіктен қашып, ол Фархат отырған жаққа қолдарымен тартыла өтіп кетті. Содан кейін рульдің қасында шығып тұрған кілтті кері бұрап қалды. Алайда машинаның моторының гуілі өшкенмен, көлік сол екпінімен алға жылжығанын көріп, Гүлбақыт Фархаттың қолын ажыратып, көліктің бағытын тураламақ болып еді, оның желімделіп қалған қолдары рульді босататын емес.

Қорыққаннан жүрегі дүрсілдеп кетсе де, алған бетінен таймауға тырысып, көлікті тоқтату үшін тағы не істеуге болатынын ойластыра бастады. Көзі тежегішке түсіп, сол аяғын бауырының аяқтарының арасынан сұғып, жаймен басып көріп еді, көлік оның ырқына көніп, іркіліп, жылдамдығын азайтты. Бірден тежегішті қатты басуға болмайтынын түсініп, іркілтіп-іркілтіп, көліктің екпінін

азайтқанымен, машина бұрылысқа жетіп, жолдан шығып, шоқаландаған соң тежегішті күрт қатты басып, көлікті тоқтатты. Абұйыр болғанда, машина қызыл гүлді даладағы жауыннан пайда болған терең жыраға түсуге бірер қадам жетпей тоқтады.

Әйтеуір, іштегі еркектер дін аман болғанымен, көліктің алдыңғы жақтауына Гүлбақыт оң жақ шекесімен қатты соғылды. Алақанымен қан аққан жарасын ұстап, басын көтерді. Маңдайы жарақаттанса да, кеудесінен ытқып кетердей жүрек соғысынан ол есін тез жиып, дереу бауыры мен күйеуін оятпақ болып әлекке түсті. Жүрегі жарылып кетердей қорыққаннан ба, бар ойы оларды сыртқа шығармақ болып, алдымен Фархатты жұлқылап көріп, былқ етпеген соң, Мейрамның құлағынан бұрап, тарта бастады.

— Әй, сендер әлі көресіңдер ұйықтағанды. Қалаға апармаудың сылтауын таптым дейсіңдер ме?

Бірақ Мейрам да, Фархат та пысылдап ұйықтап жатыр, құлақтары қанша бұрап, оятуға тырысса да, ешқандай нәтиже берер емес. Күйеуінің құлағы қызармақ түгіл, көкпеңбек болып қарайып бара жатқан соң ғана келіншегі ашуын тежеп, болған оқиғаны пысықтап, ақылға салуға тырысты. «Бұл екеуінікі не ұйқы? Алда-жалда ауырып қалған жоқ па? Қасқааа...»

Санасынан туындаған сан сұраққа мандымды жауап табылмағаннан кейін көп ұзамай, көліктің артқы есіктерін айқара ашып, ұзынынан серейіп ұйқыда жатқан күйеуінің біресе аяғынан, біресе қолдарынан тартқылап, біраз уақыт әлектенді. Қозғалар емес, денесі орындыққа желімделіп жабысып қалған тәрізді. Шапалақпен шарт-шарт еткізіп, бар күшімен бетінен ұрғыласа да, суық су шашса да, оянар емес.

Бұларға не болды деген бір ғана сұрақ жанын жегідей жеуде. «Жаңалықтардан естігенімдей, ұйқы ауруына ұшырады ма екен? Арам ниетті біреулер қарғады ма, әлде көз тиді ме? Мыналарды үйге қалай жеткіземін? Тәуба, алысқа ұзай қоймадық, енді ұялы телефонды алып, Мейрамның анасынан көмек сұрауға тура келетін болды». Мейрамға тұрмысқа шығып, алғаш келгенінде ол кісі түсі суық, қатал көрінгенімен, уақыт өте келінін өзіне жақын тартқысы

келетінін байқаған, тіпті оған ұнайтын тәттілерін де әдейі арнап алып қоятын болыпты.

Көмекке келер адам тауып, жүзіне жан кіріп, ол жымия телефон қолына алғаны сол еді, күтпеген жерден экраннан «телефон қоңырау шалу аясынан тыс жерде» деген белгі пайда болды.

— О, құдайым... мұнысы несі? Әлгінде ғана енеммен сөйлесіп едім, алысқа ұзамадық қой, — деген сөздер еріксіз аузынан шығып кетті. Ызадан болар, қолындағы пластикті лақтырып жіберуге оқталып, сәлден соң ол райынан қайтты. «Шынымен де, аяғым ауыр секілді. Кешеден, жүктілікті анықтайтын тестінің оң нәтижесін көргеннен бері өзімнің тез ашуланып, көрінген адамға айғай шығаратынымды байқап жүрмін. Тезірек ауруханаға барып, тексерілуім қажет», — деп, тағы да сөмкесіндегі кішігірім тестінің нәтижесіне сүйсіне қарап, өз-өзіне сенбей тұрды.

Шалғайда, «ит өлген жерде» орналасқан ауылдың адамдары әдетте қалаға таңертең ерте шығып, кешкі салқынмен бірақ қайтатын. Сол себепті күндіз жол бойынан көлік кездестіру мүмкін емес екенін бәрі біледі. Сағатына қарап, әлі төрттен аспағанын байқап, ұялы телефон ұстайтын аймақты іздеп, ары-бері біраз серуендеп, әйелдің еш нәтижесіз машинаға оралуына тура келді. Қайтып оралған кезде әлгі екеуі сол қалпы ұйқысын жалғастырып жатыр екен. «Бәлкім, бұларға қазір медициналық көмек керек шығар, кім білсін...» деген оймен ол бірнеше мәрте екеуінің демдерін тексеріп, жүрек қағысын тыңдап, қаннен-қаперсіз ұйқыда жатқанына көзі жеткен соң, қобалжығаны басылды.

Өзінің төбесінен күн өтпеуін ойлап, Мейрамның басындағы орамалды шешіп алып, ұялы телефон желісімен қамтылған аймақты іздеп табуға тағы да шықты. Маңай теп-тегіс, төбесіне шығатын биік жота жоқ, тек алыстан қараңдап өсіп тұрған ағаш назарына ілікті. Оған жету үшін біраз жүру керектігі, оның биіктігі ұялы телефонға жеткіліксіз болуы да ықтимал екендігі көңіліне сенімсіздік ұялатып, одан да ары-бері бос сандалмай, ең дұрысы, көліктің көлеңкесінде отырып, көмек күткені жөн секілденді.

Алайда көз ұшында мұнартқан, жапырағы жайқалып өскен биік тораңғыға зейіні қайта-қайта ауып, мұндалап өзіне

шақырып тұрғандай болды да: «Әлде барып, үстіне шықсам ба екен? Биік ағаштан телефонмен сөйлесу мүмкіндігі артатыны белгілі ғой», — деп ойлады. «Үстімдегі әдемі көйлегіммен ағашқа қалай шықпақпын? Бүгін ауруханаға енді бара алмайтыным мәлім, киімімді ауыстырсам да болады. Қобырайған сөмкеме джинсы шалбар, жейдемді салғаным қандай жақсы болған», — деп пайымдап, шашын артқа буып, киімін ауыстырып, жаяу жүруге даярлануға кірісті.

Құлағындағы сырғасын еппен шешіп, өрілген бұрымдарын бұрап, артқа түйіп бекітіп, киімін ауыстыра бастаған кезде кенеттен ұйқыдағы Фархаттың айғайынан қатты шошып кетті.

— Ойбай, не болып қалды? — деп, жалма-жан жалаңаш кеудесіне жейдесін тез жапты.

Інісі өкіре айғайлап, қолдарын рульден ажыратқысы келгендей талпынғанымен, оған шамасы жетпей, басымен рульді ұрғылауға көшкен еді, тұмсығы рульдің жақтауына соғылып, мұрнынан қан сауғалап аққан мезетте ғана қолдары босап, аларған көздерімен жан-жағына қарады да, әпкесін байқап, жыламсырай үн қатты:

— Мына таңбаны бір параққа жазып, орындықтың астына сал! — деп, ол мұрнынан аққан қанға саусағын малып, машинаның алдыңғы әйнегіне түсініксіз белгілерді жаза бастады. Бірақ екі әріп сияқты бірдеңе жазып, Фархаттың басы рульге құлап, машинаның сигналының дауысы шырқырай шырылға көшті.

— Фархат, бәрі дұрыс па? Не болды? — деп, ең алдымен бауырының басын шалқайтып, мұрнынан аққан қанын тоқтатып сүртуге кірісті. Орындығын артқа жантайтып жатқызды. Әлгіндегідей емес, қолдары рульден еркін ажыратылды, інісі болса керіле созылып, қайтадан ұйқыға кетті.

Содан соң інісінің ұйқылы-ояу өз қанымен жазған әйнектегі жазуына қарап, не жазғысы келгенін білуге тырысты. Алайда оған қанша үңіліп қараса да, ештеңе ұқпады, салған таңбалары жазудан гөрі, оған белгісіз қисық салынған адам суретіне ұқсайтын сияқты көрінді. Інісі айтқандай қанмен жазылған хабарды қағазға көшіріп алайын деп, Гүлбақыт машинадағы көлік

қорапшасын зерттей бастады. Ашқан бойда ішінен Фархаттың кеше түні бойы жазған парақтары шашылды, онымен қоса керекті қалам мен кеңсе пышағы арасында жатыр екен. Табылған параққа қаламмен көшіріп, машинаның орындығының астына қыстырып қойды. Алайда салынған суреттің бұларды оятуға көмегі болар деп үміттенгенімен, ұйықтап жатқан екеуі былқ етпей, еш өзгеріс болмағаннан кейін ауыр күрсініп, ол бастапқы ойын жүзеге асыруға кірісті.

3-бөлім

Ерекше алқап

Киімін ауыстырып болып, сөмкесін қалдырып, қалтасына әлгінде көзіне іліккен кеңсе пышағын салып алды. «Кім біледі, ағашқа шығар кезде керек болып қалар» деген оймен, алыстан мұнартқан тораңғы ағашына қарай беттеді, басқа амал жоқ. Іштей «мына екеуі ұйқы ауруына шалдыққан болар» деп топшылап, қалайда жедел жәрдем шақыру керектігіне күмәні болмады.

Күн шаңқиып, сәулесін жомарттана шашып, маңайды шыжытқанымен, даланың теріскейден ескен самал желі салқын лебімен адамды, жан-жануарды рақатқа бөлеуде. Жасыл шөп қаулап көтеріле бастаған алқапқа алқызыл рең беріп әсемденген гүлдер желдің ыңғайына жығылмай, шайқала тербелуде. Жаймен шалқыған теңіз толқындары секілді, көп қараса, жанарын қарықтыратындай күйге жетелеп, арасымен жүрген сайын қызыл теңіз толқындарын кешкендей болды. Тізеге жетер-жетпес қызыл гүл толқыны тербелген сайын құлпыра түсіп, жүрген сайын Гүлбақытты ерекше ләззатқа бөлеп, түйткілді мәселелерден санасын арылтып, көңіл күйін шарықтатып-ақ жіберді. Гүлдерді құшақтай көкмайсаға жата кетуге немесе арсалаңдап, гүлге қонған көбелекті қуалап жүгіруге ынтызарлығын оятып, қызыл алқап құшағын жазып, аса мейірбандықпен қойнына оны тартуға ниетті сияқты.

Жайнап өскен қызыл гүлдердің жұпар иісі еркектерді шексіз ұйқыға бөлесе, әйелдерге ол масаттану сезімін алып келетінін ешкім білмейтін еді. Қызарған гүлдерді жағалай, ол ақырындап өзінің қайда бара жатқанын ұмыта, алқапқа терең бойлаған сайын гүлдің уытты иісінен ләззат алғандай болып келеді.

Жайылған қызыл кілем іспеттес гүлді алқапты кешіп, биік тораңғыны бетке алып келе жатқанына біршама уақыт өтсе де, шаршағаны өзіне білінбеді. Гүлдердің биіктігі шет жағында тізеден аспайтындай секілді еді, ал ортасына таман белуардан келіп, Гүлбақыттың жүрісі де мандымай кетті. Мұндағы гүлдің сырт пішіні кәдімгі қызғалдаққа ұқсағанымен, аралай келе мүлдем басқа гүл екендігіне оның көзі әбден жетті. Гүлдің бұл түрінің мына атырапты

он жылдай бұрын жерсіне бастағаны жөнінде бірде енесінің айтқаны есіне түсті, кезінде оған мән бермеген болатын.

Мейрамның анасының айтуынша, «арам шөп секілді өсімтал, бір сабағынан бірнеше қауыз шығып, қып-қызыл гүлге айналады екен. Бірақ жұлсаң, үйге жетпей семіп қалатындықтан, оған ешкім тиіспейтін болыпты, мал да жемейді, сондықтан маңайды тез жайлап алған. Бұл гүлдер алғаш пайда болған кезде оны қызықтап біраз ғалым, зерттеуші олардың ауылына келгіштеген екен. Алайда айрықша ештеңе таппады ма, әйтеуір, ауылға қайтып, тоқтамай, кері кетіп қалыпты».

Алыстан қараңдаған ағашқа жақындаған сайын белуардан келетін гүл сабақтары аяққа оралып, табанға жабысып, жүруге барынша бөгет болуда. Үстінен қанша таптап өтсе де, соңынан із қалмай, мыжылған сабақтар жылдам бой түзеп алады екен. Қайтар жолда бұл алқапты айналып жүрмесе, тағы да турасынан кесіп өтуге келіншектің енді зауқы мүлдем болмады. Санасы бір қатерді сезгендей секемденіп, көз алдындағы биік ағаштың сұлбасына жетуге іштей асықтыруда. Гүлбақыттың сырт келбеті екі езуі екі құлағына жетіп, күлкісін баса алмаған сыңайда еді. Бастапқыда жай ғана көтеріңкі көңіл күйде болған әйелдің аяқ алысы бұзылып, тепе-теңдігін ұстай алмай, құлай жаздады. Өзін тежей алмай басталған дарақыланған күлкіге әрең қарсы тұрып, алға ақырын адымдап ұмтылуда. «Тораңғыға аман жетсем, телефон соғып, болған жайтты хабарлаған соң ағаштың көлеңкесінде біраз дамылдап алуым қажет!», — деп, Гүлбақыт не болса да діттеген жеріне жетпек шешімде болды.

Биік тораңғыға жақындаған сайын ол зорайып, желдің екпінімен шайқалған жапырақтарының сусылдай сыбдырлаған дыбысы да анық естіле бастады. Қасында өскен балапан ағаштары да бар екен, шоқталып өскен тораңғы ағаштары теп-тегіс жалпақ атыраптың ортасындағы шағын төбені емін-еркін иемденіп алған секілді. Бұл төбенің төңірегінде қызыл гүл өспейді екен.

Дене бітімі жіңішке талдырмаш қызды сыртынан бажайлаған бөгде адам бұл биік тораңғыға шыға алады деп ешқашан айтпасы анық еді. Алайда Гүлбақыт бала күнінен кешке дейін ағашқа шығып

ойнаудан жалықпайтын, биік тораңғыны көргеннен оған шығудан тайсақтамағаны содан болатын.

Қанша уақыт өткені белгісіз, ақыры ағаш тұрған төбеге жеткен соң, еш жүрексінбей-ақ, біраз еңтігін басып, қалай шығуға болатынын ойластырып, жоғарыға зер салды. Ағаштың жуан діңгегіне назар аударып, ыңғайлы жолын байқап, қуанып, бірден аса қинамай-ақ шыға алатынына көзі жетті. Сәлден кейін үлкен тораңғының етек жағындағы сынған бұтақтарының тұқылына аяқтарын еппен басып, жоғары қарай батылдана шапшаң өрмелеп, алты-жеті метрдей биіктікке жылдам көтерілді. Желмен шайқалған үлкен бұтақтарының біріне шығып, жайланып отырып, телефонды алып, мұнда желі ұстайтынын аңдап, қуанып кетті де, енесінің нөмірін тере бастады.

- Алло, мам. Мені естіп тұрмысыз?
- Иә, қызым. Қалаға жеттіңдер ме?
- Жоқ, жолда машинамыз бұзылып қалды.
- Қой, олай деме. Ендеше, дереу кері қайтыңдар.

Мейрамның анасымен сөйлесіп отырған кезінде кенеттен Гүлбақыттың назарына қызыл гүл өскен алқаптың ортасына таманғы тұсында ағаштан құрастырылған екі үйшік ілікті.

— Сіз маған сенбейсіз, сірә. Бірақ Фархат пен Мейрамның басынан күн өтіп...

— Екеуі де ұйықтап қалды ма? — деп, енесі оның сөзін аяқтатпай, бөліп жіберді.

— ...Иә. Сіз оны қайдан білдіңіз?

— Құдай-ау, Бейбіт, тұр, кәне, анау екеуі ұйықтап қалыпты, — деген сөздері оған емес, арғы жақтағы Мейрамның әкесіне айтылғанын түсінді.

— Тоқтаңыз, сонда сіз оларға не болғанын білесіз бе?

— Иә, ондайды көргенбіз... — деп, енесі кенеттен жылай бастады. — Екі жыл бұрын көршінің Арман деген баласы солай көктемде кешкісін қаладан оралып, жолай жоғалып кеткен болатын. Адамдардың айтуынша, ол ауылға жетпей сол алқапта талып қалыпты. Оның денесін біреулер жол бойында көріп, орнынан қозғалта алмай, ауылға қайтып, жақындарына айтыпты. Артынан іздеу

Конец ознакомительного фрагмента.

Приобрести книгу можно

в интернет-магазине

«Электронный универс»

e-Univers.ru